



21 желтоқсан, дүйсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

КОНКУРС

2 Батыр есімі
ұлықталды



САЙЛАУ - 2021

3 Үгіт-насихат жұмыстары
жалғасуда



НАЗАР

4 Жемқорлыққа
жол жоқ



● ПРЕЗИДЕНТ

АСҚАР МАМИНДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа
Премьер-Министр Асқар Мамин еліміздің
санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы
мен әлеуметтік-экономикалық дамуының
өзекті мәселелері жайында есеп берді.

Үкімет басшысы республикадағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал бақылауда екенін, күнделікті жаңадан індетке шалдыққандардың саны 0,4 пайызға өсіп отырғанын, еліміз бойынша коронавирустың өршу деңгейінің көрсеткіші 0,9 пайызды құрайтынын айтты. Нақты кезеңде жұқпалы аурулар ауруханаларының 28 пайызында, жанасқтау бөлімдерінің 20 пайызында адамдар емделіп жатыр. Қазіргі уақытта COVID-19 індетінің таралу қарқыны бойынша Атырау облысы «қызыл аймақта», Қостанай, Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары «сары аймақта», қалған өңірлердің барлығы «жасыл аймақта» тұр.

Биылғы 19 желтоқсанда отандық QazCovid-19 вакцинасын клиникалық сынақтан індетуін соңғы III сатысы басталды. Оның шеңберінде 3 мың ерікті азаматқа екпе егілуде.

2021 жылы наурыз айында Жамбыл облысы Қордай ауданында жылғына қуаты 60 миллион мөлшерде вакцина шығаруға жететін биофармацевтикалық зауыт пайдалануға беріледі. Сонымен бірге Қарағанды қаласында ресейлік «Спутник V» вакцинасын шығару өндірісін іске қосуға дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

Мемлекет басшысына инвестиция тарту, өңірлерді дамыту жобаларын жүзеге асыру, халықты жұмыспен қамту және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзге де өзекті мәселелері жөнінде баяндалды.

● ҮКІМЕТ

ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин ҚР аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның (ВАК) селекторлық отырысын өткізді.

Санитарлық-эпидемиологиялық ахуал туралы Денсаулық сақтау министрі А.Пой, дәрігерлерге баға саясатын мониторингтеу жұмысы туралы Басқалықпен қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы С.Жұманғарин, карантиндік шаралардың сақталуын бақылау туралы Ішкі істер министрі Е.Тұрғымбаев, өңірлердегі жағдай туралы Атырау, Павлодар және Қостанай облысының әкімдері баяндады.

ҚР-да коронавирус инфекциясының таралуы бақыланатын деңгейде тұр. Жаңадан сырқаттанғандардың тәуліктік өсімі 0,4%-ды, репродуктивтік көрсеткіші 0,9-ды құрайды. Инфекциялық төсек-орындарының толымдылығы – 28%, реанимациялық төсек-орындарының толымдылығы – 20%. 5 өңір жоғары және орташа тәуекел аймақтарында орналасқан, атап айтсақ: Атырау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары. Келесі жылғы қантар-ақпан айларында ЖРВИ мен тұмаудың өсуі аясында коронавирус инфекциясымен сырқаттану деңгейінің арту қаупі бар. Осыған байланысты ВАК бірқатар шешім қабылдады:

Биылғы 25 желтоқсанның бастап 2021 жылғы 5 қантарға дейін ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, оның ішінде жаңа жылдық ертеңгіліктер мен мерекелік корпоративтерді өткізуге тыйым салынады. «Теңіз» кен орнында шектеу шаралары күшейтіледі. Бөлшек сауда желісінде антиковидті дәрілік заттардың бағасын 24%-ға төмендету бойынша шаралар қабылдау. Бұған қоса, білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында, Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы және қоғамның пікірін ескере отырып, келесі шешімдер қабылданды:

оқу жылының III тоқсанынан бастап бітіруші сыныптар үшін (9,11,12 сыныптар) санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, аралас оқыту (пәндердің 70%-ын – дәстүрлі форматта, 30%-ын – қабықтан) қарастырылсын; оқу жылының III тоқсанынан бастап мектеп оқушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында сабақтан тыс уақытта 5 адамнан аспайтын топтарда жеке консультация ұйымдастырылсын;

II семестрден бастап колледждер мен жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттерін аралас оқыту қайта басталсын.

Үкімет басшысы әкімдерге өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты жағдайды тұрақтандыру мақсатында қажетті шектеу шараларын қабылдауды, сондай-ақ, мереке күндері санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауды қамтамасыз етуді тапсырды.

● САПАР

СЫР СПОРТЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ШОҚТЫҒЫ БИІК



Кеше Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоғы Райымқұлова жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді.

Осы сапарда министр Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада мәдениет, өнер саласы өкілдерімен кездесті.

Кездесуді ашқан облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет мәртебелі қонақтық Елбасы Алаштың анасына балаған қасиетті өңірге басқан қадамына сәттілік тіледі. Сыр елі мәдениет саласының пандемияның қиын кезеңінде де өз көрмемені мен тыңдарманынан қол үзбегенін, әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай 430 мәдени-ағартушылық шара, ұлы Абайдың 175 жылдығы құрметіне 280 түрлі мәдени шара, Алтын Орданың 750 жылдығына байланысты 200-ге жуық шара ұйымдастырылғанын атап өтті. Мемлекетіміздің саясатын жүзеге асыруда тынбай еңбектеніп келе жатқан мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің жанкешті еңбегіне тоқталды.

Кездесуде А.Райымқұлова мәдениет саласы қызметкерлерін Ел тәуелсіздігінің мерекесімен және Сыр сұлейлерінің сара жолын жалғаушы, айтыстың ақтангері Мұқтар Ниязовтың үш мәрте «Алтын домбыра» жүлдесін жеңіп алуымен құттықтады.

Сала бойынша өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға берді. Той тойлауға

емес, ой толғауға қызмет етіп келе жатқан мәдениет қызметкерлеріне ерекше ықылас, ризалық білдірді.

Сонымен бірге министр мәдениет, спорт саласындағы республика көлемінде атқарылып біркатар жұмыстар жөнінде баяндалды. Осы бағыттағы сала жаңалықтарын жеткізді. Бұл тұрғыда ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақтың ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілуі халқымыздың рухани деңгейінің әлем алдындағы тағы бір саты көтерілуі екенін атап өтті. Биылғы жылы Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі, М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театры секілді бірнеше өнер ұжымына «ұлттық» атағы дәрежеленіп, олардың ұлтқа қызмет ету жұмысының бағаланғаны да қуанышты жағдай. Сондай-ақ, мемлекеттік деңгейде мәдениет саласы қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған қадамдардың бар екені, архив саласы қызметкерлері жалақысының 50 пайызға дейін өскені, дарынды жастарды қолдауға арналған Елбасы стипендиясының 3 есеге көбейтілетіні аталды.

Мұнан соң министр Қазақстан Республикасы Мәдениет туралы заңына

енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға тоқталды. «Бұған дейін «Қазақфильм» жекешеленеді екен деген қауесет болған, бұл – қате. Мәдениет, өнер ұйымдары мен ғимараттарының мемлекет меншігінде қалатыны заңмен бекітілді. Мемлекет салған зәулім өнер ордалары халық меншігінде қалуы тиіс. Сонымен бірге лотерея ойын бизнесіне құқықтық тыйым салынды. Ендігі жерде фонограммамен ән салатын орындаушы бұл жөнінде жарнамасында, бағдарламасында көрсетуі тиіс. Ән салушыларға осындай заңды жауапкершілік жүктеледі. Халық таза дауыста ән тыңдағанды ұнатады», – деді министр.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қызылорда облысында 4 спорт кешені бой көтерген. Мәдениет саласында 222 жоба орындалып жатыр. Осының бәрін нақты атаған министр «Ең жақсы көрсеткіш – Қызылорда облысы мәдениет саласының көрсеткіші» деп ризашылық сезімін білдірді.

Кездесуде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейін Өмір-Темір, Мәдениет саласының үздігі, айтыскер Серік Ыдырысов Сыр мәдениеті биік мәртебесінің аласармайтынын айтып, министрге жасаған қолдаулары үшін алғыс білдірді.

Ал, облыстық халық шығармашылығын дамыту және продюсерлік орталығының директоры Ж.Құрамысова Мәдениет және спорт министрінен облыс бойынша 173 мәдени мекемеде 854 үйірме жұмыс істейтінін, соның ішінде 79 үйірме жетекшісі ғана айлық жалақымен, ал, қалғанының қоғамдық негізде жұмыс жүргізіп отырғанын, оларды штаттық бірлікке енгізуге ықпал етуін сұрады. Министр бұл пікірді құптап, әзірге үйірме жетекшілеріне аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай штаттық бірлік белгілеуге болатынын, алдағы кезеңде бұл мәселенің шешім табатынына сендірді.

Кездесу соңында А.Райымқұлова бірқатар мәдениет, өнер өкілдеріне «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін, Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасын, Алғыс хатын табыстады. Олардың қатарында қолөнер шеберлері, композитор және онші орындаушылар, ауылдық клуб меңгерушілері бар.

Сонымен бірге облыс әкімінің орынбасары С.Ахмет биылғы Абай жылында облыс театрында алғаш рет қойылған «Абай» операсындағы ойнаған үздік ролдері үшін бірнеше сахна шеберін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

2-бет



«МЕНИҢ ТУЫМ. МЕНИҢ ОТАНЫМ!»

«Менің туым. Менің Отаным!» атты бұқаралық челлендж аясында облыс бойынша барлығы 40 нысанға жүздеген мемлекеттік ту орналастырылды. Сондай-ақ, барлық ауданда авто, вело, аттылы шеру өткізілді.

2-бет

● САПАР

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖАРҚЫН ІСТЕРДЕН ҚҰРАЛАДЫ

Тәуелсіздік мерекесі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Арал ауданында болып, бірқатар нысандардың ашылу салтанатына қатысты. Алдымен аудандық Оқушылар үйі пайдалануға беріліп, жаңа ғимараттың жай-күйімен танысты.

– Жаңа нысанда өнерлі ұландар тәрбиеленіп, ауданның мәдени дамуына зор үлес қосады деп сенемін. Мұнда балғындар түрлі үйірмелерге қатысып, өз шығармашылықтарын шыңдайтын болады, – деді облыс әкімі құттықтау сөзінде.

Құрылысы өткен жылдың мамыр айында басталған оқушылар үйі 250 адамға арналған. Құны – 282,1 млн теңге. Бас мердігер – «SCS Инжиниринг» ЖШС. Ғимараттың бірінші қабатында «Bioland», «IT» бағытындағы және «Би» үйірмелерінің бөлмелері орналасса, екінші қабатында «Шебер колдар» үйірмесі, суретшілер мен жас қолөнершілер көрмесі және акт залы бар.

Облыс басшысы Шижаға елді мекеніндегі дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсіміне де қатысты. Жаңа медициналық ғимарат 15 бөлмеден тұрады. Оның ішінде дәрігерге дейінгі көріну бөлмесі, қабылдау, тіркеу, егу, химизатор, әйелдер қарау бөлмелері, лаборатория, дәрі сақтайтын қойма, ана мен балаға және күндізгі емдеуге арналған бөлмелер бар. Қазір мұнда 15 қызметкер жұмыс істейді. Жаңа нысан мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында бой көтерген. Облыс әкімі ауыл тұрғындарын құттықтап, амбулаторияның жұмысына сәттілік тіледі.

2-бет



● БӘРЕКЕЛДІ!

БОКСШЫЛАР БАБЫНДА

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында IBF/IBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин польшалық қарсыласы Камил Шереметмен қолғап түйістірген болатын.

Жекпе-жекте қазақстандық боксшының басымдығы айқын аңғарылып тұрды. Алғашқы екі раундта Геннадийдің ауыр соққысынан Камил нокдаун алып қалды. Одан кейін де поляк жігіт қарсыласынан бірнеше мәрте ауыр соққы алды. Сегізінші раунд басталарда оның бапкерлері боксшыны шаршы алаңға шығарудан бас тартты. Осылайша, Геннадий кезекті жеңісіне қол жеткізіп, 21-ші мәрте чемпиондық белбеуін қорғап қалды.

Сондай-ақ, қызылордалық былғары қолғап шебері Камшыбек Қонқабаев кәсіпқой рингте екінші жеңісіне қол жеткізді. Ол украиналық Сергей Радченкодан басым түсті.

Олар супер ауыр салмақта қолғап түйістірді. Сегіз раундқа белгіленген жекпе-жек төрт раундтан кейін тоқтады. Қарсыласынан ауыр соққы алып, нокдаунға түскен украиналық боксшы жарысты әрі қарай жалғастырудан бас тартты. Осылайша Камшыбек Қонқабаев қарсыласын техникалық нокаутпен жеңіп кетті.

Бұл – Камшыбектің кәсіпқой рингтегі екінші жеңісі. Жерлесіміз осылайша екі жекпе-жегінде де өзінің мықтылығын танытты. Еске сала кетейік, Камшыбек кәсіпқой бокстағы алғашқы жекпе-жегін биыл тамыз айында қазақстандық Иса Акбербаевқа қарсы өткізіп, қарсыласынан басым түсті.

Қызылордалық боксшы 2017, 2019 жылдары әлем, сол жылдарда Азия чемпионы атағын иеленді. Сондай-ақ, Токио Олимпиадасына жолдама жеңіп алды. Кәсіпқой бокста жекпе-жек өткізгеніне қарамастан, ол аталған дүбірлі долада бақ сынау мүмкіндігін жоғалтқан жоқ.

«СБ» ақпарат

ДӘСТҮР ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Кішкентай қуаныштың өзін өзгемен бөліскенді жақсы көріп, үйіне қаулап ағайын-туғанның келгенін қалап тұратын қазақы көңіл әлемді шарпыған індет басталғалы қонылақсып қалды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі: «Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп әндетіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың әңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті, осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!» деді.

СБ Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Несін жасырайық, тапқанын тойға шашатын, халық үшін бір мезетте тойдың тоқтап қалуы, мейрамхана есіктерінің жабылуы ойламаған іс болды. Ешкім де ағайынның қуанышы түгілі

қазасына бара алмай қаламыз деп ойламады. Індет өз дегенін жасады. Осы тоғыз айда жұртшылықты үнемшілдікке, астамшылыққа бармауға, үйреншікті нәрсеге басқа қырынан қарауға үйретті.

2-бет





ҮМІТКЕРЛЕР ТЕМІРЖОЛШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын түсіндіру мақсатында облыстық және қалалық мәслихаттың депутаттары кандидатар теміржолшылармен кездесті.



Кездесуге облыстық мәслихат депутаттарына үміткер Нұридин Амитов, қалалық мәслихат депутаттарына үміткерлер Ибрагим Басықарасев, Айгүл Мұсабаева, Анар Ізден ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін кедергісіз орта құруда балаларды инклюзивті біліммен қамтуды арттыру, ресурстық инклюзивті орталықтарды ашуға ойын ортаға салып, онда жасалатын тең мүмкіндіктерді сараланды.

Ибрагим Басықарасев теміржол саласы бойынша теміржол құрылысы жайында нақты сандармен ойын жеткізді. 2000 жылға дейін 13,4 мың шақырым теміржол болды. 2001 жылдан бері 2,6 мың шақырым теміржол төселді. 2025 жылға дейін салынады: Алматы станциясындағы айналма жол 74 шақырым, Мақтарал-Дарбаза 115 шақырым, Арыс-Қазалы 2-ші жол 200

өткізу секілді ойларын ортаға салды. Әлеуметтік мәселелер бойынша Анар Ізден ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін кедергісіз орта құруда балаларды инклюзивті біліммен қамтуды арттыру, ресурстық инклюзивті орталықтарды ашуға ойын ортаға салып, онда жасалатын тең мүмкіндіктерді сараланды.

Ибрагим Басықарасев теміржол саласы бойынша теміржол құрылысы жайында нақты сандармен ойын жеткізді. 2000 жылға дейін 13,4 мың шақырым теміржол болды. 2001 жылдан бері 2,6 мың шақырым теміржол төселді. 2025 жылға дейін салынады: Алматы станциясындағы айналма жол 74 шақырым, Мақтарал-Дарбаза 115 шақырым, Арыс-Қазалы 2-ші жол 200

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының сайлау қорының қаражатынан төленді



ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАБАДЫ

«Nur Otan» партиясы атынан облыстық мәслихат депутаттарына үміткерлер Шаһизада Әбдікерімов, Дәулет Байғараев және аудандық мәслихат депутаттарына үміткер Париджа Сарыбаева Қызылорда облысы Қармақшы ауданының тұрғындарымен кездесуде отірді.

Аудандық жастар үйінде өткен басқосуда партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, үміткерлер партияның алдағы уақытта атқаратын толымды істерін тілге тиек етті. Нақтырақ айтсақ, 7 ауылдық округ аумағында жайылымдық және егістік жерлердің мақсатын өзгерту арқылы 11638 мың га суармалы жер көлемін кезең-кезеңімен кеңейту, ірі қара мал басын 32000-ға жеткізіп, мал шаруашылығын дамыту көзделуде. Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің жаңа нысандарын ашуға жағдай жасап, 2025 жылға дейін Жанажол ауылдық округінде 1000 басқа арналған мал бордақылау алаңын құру жоспарлануда. Өрі 2021 жылғы 1,5 мың тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы іске қосылатын болады.

«Nur Otan» партиясы ауыл азаматтарының өмір сапасын жақсартуды жақтайды. Осы бағытта «Ауыл – Ел бегігі» және «Құтты мекен» жобаларын іске асыру жоспарланады. Тұрғындар газ суға және сапалы жолдарға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға қол жеткізеді. 2021-2025 жылдар аралығында нысаналы топтарға, оның ішінде көпбалалы отбасыларға 50 тұрғын үй құрылысының жүргізілуіне ықпал жасап, 2025 жылғы 895 отбасы тұрғын үймен қамтылады, – деді облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Шаһизада Әбдікерімов.

Үгіт жұмыстары арасында тұрғындар көкейтесті сауалдарын қойып, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында сауда кәсіпорындарын дамытып, сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуді және медицинаны қолжетімді етсе деген ұсыныс-пікірін білдірді. Партиямен алда атқарылатын жұмыстар тізбегінен хабарлар болған тұрғындар алдағы күнге сеніммен қарап, өз ризашылықтарын білдірді.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының сайлау қорының қаражатынан төленді

КӘСІП БАСТАҒАНДАРҒА НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ



Қызылорда облысы Шиелі ауданында аудандық мәдениет үйі «Nur Otan» партиясынан облыстық мәслихаттың депутаттарына үміткер Шаутай Тілеуберген Құдайбергеновтың, аудандық мәслихат депутаттарына үміткерлер Патима Маханбет, Насырбек Мырзабеков, Бекжан Бәкір, Ғалымжан Әлтаев, Серік Мүліков аудан тұрғындарымен кездесу өткізді. Кандидаттар тұрғындарға партияның сайлауалды бағдарламалада алға қойған мақсат-міндеттерін жеткізіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Кездесуде ауданға қатысты маңызды мәселелер айтылып, көптеген ұсыныстар талқыланды. Ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтуда және әл-ауқатын арттыруда шағын және орта бизнес маңызды рөл атқарады. Партияның мақсаты – кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау.

«Жыл сайын «Бизнестің жол картасы-2025»

бағдарламасымен 15 кәсіпкерге пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға және бизнесін жаңадан бастаушы азаматтарға грант ұсынуға, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы мен жыл сайын жана 5 жобаны несиелендіруге, кәсібін кеңейтуге, қызмет көрсету саласына ықпал етеді. Осы шаралар арқылы 2025 жылғы жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесін 93,5%-ға жеткіземіз», – деді Шаутай Тілеуберген.

Өз кезегінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Әбдірахманов, партия халық пен билік арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет етіп жатыр. Партияның бағдарламасы Шиелі ауданын кешенді дамытуға бағытталғанын біліп қуанып қалдық. Ауданымыздың бәсекеге қабілетті экономика және өмір сүру үшін жайлы аумақ болуына «Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде игі жұмыстарын жалғастырады деп сенеміз. Аудандық мәслихат сайлауында «Nur Otan» партиясын қолдаймыз, – деп пікір білдірді.

«Ауыл тұрғындары партияның «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық» жобаларымен жақсы таныс. Партияның араласуымен түрлі проблемалар өз шешімін тауып келеді. Игі жобалар алдағы уақытта жалғасын табатынына сенімдімін. Сайлаудың үгіт жұмыстарына сәттілік тілеймін», – деді кездесуге қатысқан Талаптан ауылдық округінің әкімі Амангелді Өмірәлі.

Шара барысында заңыт жұмыстарына үміткерлерге сәттілік тіледі. Үміткерлер 10 кантарда өтетін сайлауға шақырып, «Nur Otan» партиясына дауыс беруге үгіттеді.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының сайлау қорының қаражатынан төленді

ЖАҢАҚОРҒАНДА ЖАРҚЫН ІСТЕР ЖАЛҒАСПАК

Парламент мәжілісі депутаттығына кандидат Балайым Кесебаева мен облыстық, аудандық мәслихат депутаттарына үміткерлер Бақдаулет Мақашов, Жанкелді Ысқақ, Нұридин Амитов, Жаңабек Тұрлыбеков Жаңақорған ауданының білім және денсаулық сақтау саласы өкілдерімен кездесті.

Кандидаттармен ашық жүзлесуде сала өкілдері бекітілген тақырыптар, өздерінің көкейтесті сауалдарын қойды. Бірқатар ұсыныс-тілектерін де жеткізді. Басқосу аясында медицина саласы өкілдері тарапынан әлемдегі пандемия науқанындағы дәрі-дәрмек тапшылығының алдын алу мәселесі, ана мен бала өлімінің көрсеткішінің төмендету жайы сөз болды. Ал білім саласы қызметкерлері кандидаттарға ауыл мен қала мектептері арасындағы білім беру алшақтығын жою, білім сапасын арттыру туралы ойларымен



бөлісті. Осылайша саладағы бірқатар мәселелердің мәні-жайы ашық форматта талқыға салынды.

«Үгіт саулығы партияның маңызды басымдығының бірі болып табылады. Партия тарапынан қолға алынған медициналық қызмет сапасын арттыру мақсатындағы жүйелі жұмыстар алдағы уақытта жалғасын таппақ. Мәселен, жалпы өлім-жітім

көрсеткішінің мың аламға шаққанда 5,56%-ға дейін, ана өлімін 100 мыңға шаққанда 5%-ға дейін, ал бала өлімін 1 мыңға шаққанда 8,52%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік жасалмақ. Сонымен қатар, Төменарық ауылында аурухана құрылысы және 5 ауылдық дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілмек» – деді Б.Мақашов.

Білім сапасын арттыру мақсатында

Жаңақорған ауданында бірқатар жұмыстар жоспарға қойылған. Атап айтсақ, алдағы 5 жылдықта ауданда 3 жаңа мектептің құрылысы жүргізілмек. Олар Жаңақорған кентіндегі сыйымдылығы 300 және 600 орындық болатын екі мектеп пен Жаңаарық елді мекеніндегі 200 орындық білім ордасы. 7 мектепті кезең-кезеңімен күрделі жөндеуден өткізу, 2 балабақша құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Инклюзивті білім беруге жағдай жасап отырған мектептер санын 34-тен 42-ге жеткізу межеленген.

Маңызды басқосу аясында кандидаттар сала өкілдерінің сұрақтарына кеңінен тоқталып, жауап берді. Өзекті болған мәселелер партия тарапынан жіті бақылауда болатынын жеткізді. Кандидаттар өз кезегінде партияның сайлауалды бағдарламасын, стратегиялық бағыттарын егжей-тегжейлі баяндады.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының сайлау қорының қаражатынан төленді

АУДАН ТҰРҒЫНДАРҒА КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облыстық мәслихат депутаттарына үміткерлер Мақашов Бақдаулет, Ысқақ Жанкелді, Амитов Нұридин, Рүстемов Мұхамеджан, Жаңабек Тұрлыбеков Жаңақорған ауданында тұрғындармен кездесті.

Кездесу аудан орталығында орналасқан М.Көкенов атындағы мәдениет үйінде болды. Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасын түсіндіріп, сайлауда дауыс беруге шақырды.

«Партияның Қызылорда облыстық сайлауалды бағдарламасында ауыл тұрғындарының табысын арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында алдағы кезеңде жаңа озық технологияларды енгізу және ауыл шаруашылығын заманауи жабдықтармен және өнімділігі жоғары техникамен жарақтандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатынын көрсетілген. Сонымен қатар 2022 жылы Жаңақорған ауданында томат пастасын өндіру зауытының құрылысы жоспарланып отыр» деді аудан тұрғындарымен кездескен Амитов Нұридин.



Сонымен қатар кандидаттар аудандық сайлау бағдарламасында ел игілігі үшін аудан көлемінде жасалынатын жобалар жайлы бөлісті.

«Алдағы уақытта аудан аумағында газдандыру жұмыстары жүргізіледі. Ауданда 35 ауылдық елді мекеннің Жаңақорған кентіне қана газбен қамтамасыз етіліп, газдандыру үлесі 44,4%-ға жетеді» – деді Ысқақ Жанкелді. Кездесу аясында сайлаушылар үміткерлерге сауалдарын жолдап, алдағы сайлауда сәттілік тіледі.

дер үлесін арттыру мақсатында «Nur Otan» партиясы 2021 жылы Жаңақорған кентіндегі 12 мектепке газ қазандығын орнату көзделуде. 3 елді мекенді (Бірлік е.м., Шалқия кенті, Жайылма) газбен жабдықтауға ықпал етеді. Осы шаралар нәтижесінде 4758 тұрғын газбен қамтамасыз етіліп, газдандыру үлесі 44,4%-ға жетеді» – деді Ысқақ Жанкелді. Кездесу аясында сайлаушылар үміткерлерге сауалдарын жолдап, алдағы сайлауда сәттілік тіледі.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының сайлау қорының қаражатынан төленді

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҮШІН

Қызылорда облысында «Nur Otan» партиясы атынан облыстық мәслихат депутаттарына үміткерлер Шаһизада Әбдікерімов, Дәулет Байғараев және аудандық мәслихат депутаттарына үміткер Париджа Сарыбаева Қармақшы ауданындағы білім саласы өкілдерімен кездесті.



Басқосу аясында партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, алдағы жоспары айтылды. Кандидаттарға сала өкілдері өздерін алаңдатқан мәселелерін және ұсыныс-тілектерін айтып, білім саласын дамыту тұрасындағы ойларын бүкілесті ортаға салды. Екіжақты диалогта айтылған құрметілі өрі өзекті деген сауалдар партия тарапынан ескерілетінін және назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

Өз кезегінде партия мүшелері алдағы уақытта білім сапасын арттыру мақсатында атқарылатын жүйелі жұмыстар, ішкіміз істер туралы баяндады. Ауыл мен қала арасындағы білім беру алшақтығын жою, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен толық

қамту сияқты келелі жайттарға кеңінен тоқталды.

Білім сапасын арттыру үшін «Nur Otan» партиясы алдағы 5 жылда қажетті шараларды қолға алып, нақты қадамдар жасамак. Атап айтқанда, сапалы білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында партия 8 мектепті күрделі жөндеуден өткізеді, 1 ресурстық инклюзивті орталық, инклюзивті кабинеттер мен логопедтік пункттер ашалады және оларды арнайы мамандармен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Сондай-ақ, көпбалалы отбасылардың балаларын қашықтықтан оқытуға жағдай жасап, қажетті құрылыстармен қамтамасыз етеді. Жоспарлы жұмыстардың нәтижесінде 1 және 6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші

77,0%-дан 85,7%-ға дейін артпақ. Сонымен қатар, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің жалпы білім беретін мектептерінде «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері енгізіледі. 2025 жылы инклюзивті білім беруге жағдай жасап отырған мектептер санын 10-нан 29-ға дейін, жоғары және орта білім беру ұйымдарына түскен мектеп бітіруші түлектерінің үлесін 97,0%-ға жеткізу межеленіп отыр деді кандидаттар.

Кандидаттарға қойған сауалдарына түпнұсқасы жауап берген білім саласының өкілдері алдағы саяси науқанда бекісетін қатысып, «Nur Otan» партиясын қолдайтындарын жеткізді.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының сайлау қорының қаражатынан төленді

ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Қалалық сайлауалды штабта «Nur Otan» партиясынан сайлауға түсетін үміткерлер Гүлнар Жұмашева мен Нұржігіт Ниязбек жеке сот орындаушылармен кездесті. Кездесу барысында «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі 7 басымдығын сөз етті. Сондай-ақ алдағы сайлауда дауыс беруге шақырды.

– Биыл сайлау ерекше өтпек. «Nur Otan» партиясы халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту мақсатында 7 бағытты ұстануда. Онда барлық сала қамтылған. Кәсіпкерлікті дамыту, экономикалық тұрақты аймақ қалыптастыру, ауылшаруашылық, денсаулық, білім саласын дамыту бірінші кезекте. Сонымен бірге тұрақты жұмыс орындарының санын көбейту, халықты таз алуызу және сапалы жолмен қамтуды қолдайды. Осы мақсатта өңірде атқарылар жұмыстар аз емес. Сондықтан «Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде халқымыздың бірлігіне, еліміздің гүлденуіне және әрбір қазақстандықтың игілігіне жұмыс істеуді жалғастырады, – деді кандидат Гүлнар Жұмашева.

Өз кезегінде үміткер Нұржігіт Ниязбек те партияның мүмкіндіктері мен жастарға жалалып жатқан жағдайларға тоқталды.

– Мен жастардың атынан сайлауға қатысып жатырмын. Партия барлық мүмкіндіктерді беруде. Соны пайдалана отырып, жастар мәселесін шешуге атсалысатын боламын. Бүгінде партияның «Есіктен есікке» бағдарламасы басталды. Басты мақсат – халықтың мұң-мұқтажын тыңдау, оны партия тарапынан шешуге ықпал ету, – дейді ол.

Жиын соңында қатысушылар сауалдарын жолдап ұсыныстарын білдірді. Жалпы әрбір кездесуден түскен ұсыныс-пікірлер назардан тыс қалмайтын болады.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысының сайлау қорының қаражатынан төленді



Есте сақтау мен ақыл-ой қызметіне арналған таблеткалар

МИ ЖАСУШАЛАРЫН БІРНЕШЕ МИНУТ ІШІНДЕ ДӘРУМЕНДЕРМЕН БАЙЫТАТЫН СКАНДИНАВИЯЛЫҚ ТАБЛЕТКАЛАР



Сіз жиі хабарласып жүрген адамдардың есімдерін ұмытып қаласыз ба? Сіз сөйлесіп тұрғанда айтар ойыңызды үнемі ұмытасыз ба? Көзілдірігіңізді қайда қойғаныңыз немесе бөлмеге не үшін кіргеніңіз есіңізден шығып, көлік жүргізу кезінде қайда бара жатқаныңызды ұмыттыңыз ба?

Көпшіліктің ойынша, есте сақтау қабілетінің нашарлауы картақтың белгісі болып саналады. Шын мәнінде бұл шындықтың бір парасы ғана. Тіпті, жастардың есте сақтау қабілетінің нашарлауы организмге белгілі бір дәрумен дердің жетіспеуінен болуы мүмкін, мысалы, B12. Сондай-ақ, жастардың жүйкесінің сыр беруінен, депрессия және дұрыс тамақтанбау салдарынан, мысалы, ашығу кезінде немесе диета ұстау кезінде есте сақтау қабілеті нашарлауы мүмкін. Көптеген адамдар есте сақтау мен ақыл-ой қабілеттерін жақсарту және сақтау үшін әртүрлі тәсілдерді қолданады, бірақ соның бәрі көбіне көңілдерінен шықпай жатады. Алайда, сіздер үшін бізде жақсы жаңалық бар: ми мен ақыл-ой әрекетінің қызметіне арналған жаңа скандинавиялық Клеар Брайн таблеткалары (Clear Brain).

Мифа қоректік заттар қажет!

Зерттеулер көрсеткендей, ақыл-ой қызметінің белсенділігін ұзақ мерзім бойы қамтамасыз ету үшін ми жасушаларына тиісті күтім және дұрыс қорек қажет. New Nordic скандинавиялық компаниясы өсімдік сығыдыларынан, В

тобындағы дәрумендер мен йодтан жасалған ми мен ақыл-ой қызметін жақсартатын жаңа Клеар Брайн таблеткаларын ойлап тапты. Клеар Брайн таблеткаларындағы биологиялық белсенді заттар ми жасушаларын оятып, ақыл-ой белсенділігін сақтауға, жадыны мықты және зейінді етуге көмектеседі. Клеар Брайн таблеткалары әртүрлі жастағы адамдарға арналған. Сондай-ақ, аз уақытта өте көп ақпаратты қабылдау мақсатында ізденіп, оқып жүргендер үшін пайдалы.

Сіз мұны білесіз бе?...

Теңіз жағасындағы қарағайдың қабығынан (лат. *Pinus Pinaster Aiton*) алынған стандартталған сығындыдағы полифенолдар қапиалардағы қан айналымын сақтауға ықпал етеді, сонымен қатар мидағы қан микроциркуляциясы үшін аса қажет. Нәтижесінде ми жасушаларын оттегімен қамтамасыз ету жақсарайды.

Clear Brain таблеткалары – швед жаңалығы!

Клеар Брайн таблеткалары құрамында анар ағашының жемісі, грек жаңғағы және теңіз жағасындағы қарағайдың қабығы, қара бұрыш, жұпаргүл, сондай-ақ йод пен дәрумендер бар. Йод ми қабілетінің қызметін, яғни, сырттан алған ақпаратты қабылдауға және жүйке жүйесінің белсенділігін сақтауға көмектеседі. B5, B1, B6, B12, B3 дәрумендері мидың қалыпты ақыл-ой белсенділігін, психологиялық жағдайдың және жүйке жүйесінің белсенділігін сақтауға көмектеседі.



Қаптамдағы күміс ағаш – бұл тиімділік, жоғары сапа мен қауіпсіздік кепілі.

Жоғары сапалы дәрі-дәрмектерді шығаратын «New Nordic» фармацевтикалық компаниясы GMP өндіріушілерінің халықаралық стандарттарымен қамтамасыз етілген.

Клеар Брайн таблеткаларын мына дәріханалардан сатып ала аласыздар:

1) «Доктор Плюс»:



- Тоқмағамбетов к-сі 1, 26-17-58
- Абай д-лы 39, 23-43-48
- Шокай к-сі 21, 24-05-87
- Осы тораптың басқа да дәріханаларынан

2) «Зерде»:



- ы/ауд. Ақмешіт №26/22, +7 775 619 43 62
- Әйтеке би к-сі 26, +7 775 619 43 62
- Абай Құнанбаев к-сі 28, +7 771 141 13 52

Құрамы: Анар жемісінің сығындысы, француз теңіз қарағайының қабығы, қара бұрыш, жұпаргүл майы, B5, B6, B2, B1, B12 дәрумендері, фольк қышқылы, йод. **Қолдану тәсілі бойынша мұқият:** 14 жасқа толған балалар күніне 2 таблеткадан тамақ арасында ішу керек. Ұсынылған мөлшерден асырмау қажет. 14 жасқа келмеген балаларға, сонымен қатар жеке жағдайларда организмнің өзіне тән белгілері болса тұтынуға болмайды. Дәрі қабылдаудан бұрын қосымша дәрігермен кеңесіңіз. **Өндiрушi:** New Nordic Healthproducts AB, Soda Forstbärgatan 15, SE – 211 43, Malmö, Швеция. **Қазақстан Республикасы аумағындағы шағымдарды қалғалауға жауапты ұйымның мекен-жайы:** ЖАҚ, Филиалы «New Nordic» (Нью Нордик) Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шаріпов к-сі, 90, кенсе 308/4. СІРРВУ70.06.01.003.E.003586.07.19.29.07.2019 Республикалық жалпы денсаулық, тазалық пен эпидемиологиялық орталығымен бер. ББК, дәрі емес.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес ұдайы күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ол саяси даму тұрғысынан да бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын болмасын қатты алаңдатығаны анық. Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз «Тұра биле туған жоқ, туғанды биле иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігі ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізін не лауазымды қылмыстар жатады. Қызмет өклеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өклеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі – қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келенсіз құбылыс ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетін алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келенсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністерін денгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, белеліне нұқсан келтіреді, заңды қарияларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немісқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлау да паракорлықтың дендеуіне себепті тигізіледі.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес өз өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшылауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Өткенімізге көз салсақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

И.БӘКІШЕВА,
Қызылорда облысы
Әділет департаментінің басшысы,
Қазақстан Заңгерлер
одағының мүшесі

Жеке тұлғалар үшін өсімпұлдарды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық жасау

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті салық төлеушілердің назарына Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 2 шілдедегі Заңымен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Заңы 57-58-бапмен толықтырылды.

2019 жылғы мүлік салығы мен жер салығын төлеу бойынша міндеттемелерді қоспағанда, 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін салық кезең-

дері үшін құрылған мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша негізгі қарыз сомасын төлеу шарты мен жеке тұлғалар үшін өсімпұлды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық жасау көзделген.

Есептен шығаруға 2020 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша салық төлеушінің дербес шотында есепте тұрған өсімпұл сомасы, сондай-ақ төленген күнді қоса алғанда, оны төлеу күніне дейін осындай бересі сомасына есептелген өсімпұл сомасы жатады. Бұл ретте өсімпұл бересі төленген салықтың түрі бойынша есептен шығарылады. Салықтық

рақымшылық жасау мерзімі – 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін екенін естеріңізге саламыз!

Бүгінгі күні 12196 жеке тұлға 250,0 млн теңге негізгі салығын төлеп, 44,4 млн теңге өсімпұлды шегерілді. Қатысқан азаматтарға салықтық рақымшылық жасау есептелген санкциялардан босатылуға мүмкіндік береді, бұл өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттырады.

Акцияны пайдаланып, үлгеріп қаулауларыңызды сұраймыз!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы

Ағымдағы жылдың 27 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуі және қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қоюды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңында (бұдан әрі – заң) атқарушылық іс жүргізуіне сапасын жақсарту жолымен азаматтардың құқықтарын қорғау мен уақытты іске асыруды, атап айтқанда, әлеуметтік маңызы бар істер санаттары бойынша қамтамасыз етуге аса назар аударылды.

Қабылданған түзетулермен жеке сот орындаушыларының алименттерді, жалақыны, зейнетақыларды, жәрдемақыларды өндіріп алу туралы, азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы атқарушылық құжаттарды орындаушының басымдығы бекітілді.

Жасалған мәселелер соттардың ведомстволық бағыныстылығынан алмып тасталды және өзге де мемлекеттік органдарға беріліп, Жеке сот орындаушысының ұсынысы бойынша борышкерге іздеу салуға санкция беру прокуратура органдарына берілді.

Бұдан басқа, мемлекеттік енбек инспекторының жалақыны төлеу туралы ұйғарымына атқарушылық құжат мәртебесі берілді.

Бұл шара құқықтарын жұмыс беруші бұзған азаматтарға жалақыны өндіріп алу мәселелерін тез шешуге,

сотқа жұмсалатын уақыты мен сот шығындарын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жалақы бойынша берешекті өндіріп алу атқарушылық құжат күші бар мемлекеттік енбек инспекторының ұйғарымы негізінде сотқа жүгінбей жүзеге асырылатын болады.

Заңның 33-бабында сот орындаушысының борышкерлердің елден шығуына шектеу қою құқығы міндетке ауыстырылып, сот орындаушысы атқару құжатын іс жүргізуге қабылдаған кейін борышкердің елден шығуын шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті.

Бұл ретте шығуға тыйым салу борышкерге тиісінен хабарланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін ғана қолданылады.

Борышкердің шетелге шығуын шектейтін қарыздың ең төменгі шегі 20 аялық есепті көрсеткіштен (АЕК) 40 аялық есепті көрсеткішке дейін (АЕК) дейін ұлғайтылып, сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуі қозғау туралы қаулысының күші жойылған жағдайларда бір жұмыс күні ішінде шығуға уақытша шектеуді алып тастау мерзімі белгіленді.

Жеке тұлғалардан сот орындаушысының ұсынысы бойынша сот өндіріп алатын өсімақы мөлшері (борышкер талаптарды орындамаған жағдайда) 5-тен 2 АЕК-ке дейін азайтылып, оның шекті мөлшері 360 АЕК, ал заңды тұлғалар үшін 900 АЕК белгіленді.

Заңның 99-бабында сот орындаушысының алимент бойынша берешекті тоқсан сайынғы негізде анықтау туралы қаулы шығару және

осы қаулыны танысу үшін атқарушылық іс жүргізу тараптарына үш жұмыс күні ішінде жіберу міндеті белгіленген.

Бұл ретте, мүгедек болып табылатын борышкерлер үшін ай сайынғы төлемдер мен алимент бойынша берешек олардың ай сайынғы енбекқасысынан және өзге де кірістерінен, ал егер олар жұмыс істемесе – алатын жәрдемақылардан анықталатын болады.

Заңның 118-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, ЖСО қызметіне ақы төлеу атқарушылық іс жүргізу шеңберінде борышкердің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Сонымен қатар, баламен қарым-қатынас жасау тәртібі туралы атқару құжаттары бойынша ЖСО қызметіне ақы төлеу өндіріп алушы мен борышкерге тең үлесте жүзгізілген.

Сондай-ақ, талап қоюды қамтамасыз ету немесе талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы атқарушылық құжат бойынша Жеке сот орындаушыларының қызметіне ақы төлеу тәртібі қайта қаралды.

Осылайша, енді талап қоюды қамтамасыз ету туралы атқарушылық құжат бойынша жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу қамтамасыз ету шараларын қабылдау туралы өтінішхат берген тараптан ақы төлеу жүргізілетін болады.

Егер талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы ұйғарым шығарылса, онда жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу туралы өтінішхат мәлімдеген және

З.ЕРЖАНОВА,
Қызылорда облысы Әділет департаментінің бөлім басшысы

Құттықтау

«Қазгермұнай» БК» ЖШС-ның енбек ұжымы компанияның бас директоры Мұстафаев Мұрат Кенесбайұлын «Құрмет» орденін алуымен құттықтайды!

Біз өңір экономикасын дамытудағы қызметі, белсенді әлеуметтік және азаматтық ұстанымдары осындай жоғары бағаға ие болған тұлғаның басшылығымен жұмыс істейтінімізді мақтан тұтамыз.

Біз Мұрат Кенесбайұлына күш-қуат, денсаулық, жаңа мақсаттарға қол жеткізуде жігерлік, одан әрі сәтті өмір жолын, жоспарыңыздың орындалуын және отбасылық амандықты тілейміз!



**Құрметпен,
«Қазгермұнай» БК» ЖШС
ұжымы**

Электрондық тұрмыстық газ есептегіштерін пайдаланатын тұтынушыларға!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы (бұдан әрі – КӨФ) smart-картамен алдын ала төлеуді жүзеге асыратын электрондық тұрмыстық газ есептегіштерін пайдаланатын тұтынушыларға **ақысыз негізде СЗДН электрондық есептегішін**ді электрондық жүйеден механикалық жүйеге ауыстыруға ұсынады. Электрондық газ есептегіші ұзақ уақыт пайдаланылғандықтан, батареясы тозып есептегіш істен шығады, сол кезде газ есептегіштің қалпағы іске қосылып, газ беру автоматты түрде тоқтатылады. Көбінесе бұл жағдай әр айдың аяқталу күнінде немесе әр айдың 1-не ауысу күнінде болады. Сондықтан, тұтынушылардың осындай көптеген өтініштері болған кезде, осы саланы мамандары бір уақытта газ беруді қалпына келтіру үшін есептегіштерді электронды түрде механикалыққа ауыстыруға үлгермейді. Есептегіштің дұрыс жұмыс істемейтін газдың тоқтауын болдырмау үшін КӨФ тұтынушыларға есептегішті электрондық жүйеден механикалық жүйеге ауыстыруға ұсынады. Механикалық есептегішті пайдаланудың артықшылығы – Сіз кезекте тұрмайсыз және үйден шықпай-ақ QIWI (24 сағат), Халық банкі, Каспи банк терминалдары арқылы, сондай-ақ Kaspi kz, Forte bank қосымшалары бойынша тұтынылған газ үшін төлем жасауға мүмкіндігі бар екенін айтамыз.

Есептегіштіңді электронды жүйеден механикалық жүйеге ауыстыру үшін: 104; 8 771 012 12 11 телефондары арқылы өтініш беруге, немесе КӨФ orda-ktga@mail.ru электронды пошта арқылы жіберуге болады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ КӨФ әкімшілігі

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №1501650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Газетіміздің келесі саны 24 желтоқсан, бейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 26117

Тапсырыс №717

Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА